

Ержан Қ.С.¹, Махмет М.²

²PhD доктор, ²PhD докторант
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: murat1215@mail.ru

МАТУРИДИ АҚИДАСЫНЫҢ АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КӨРІНІС ТАБУЫ

Қазақтың атақты ойшылы Ақыт қажы Үлімжіұлының діни көзқарасын ашу үшін, алдымен оның алған діни білімін, жазған еңбектерін, көтерген діни тақырыптағы мәселелерін дәстүрлі тарихи уақыт ағымы мен сол заман тұрғысында пайымдау қажет. Ақынның Құран Кәрім мен хадис-шарифтерге негізделе отырып жырлаған өлеңдеріндегі діни философиялық ұстанымды дінтанулық тұрғыдан анықтау – бұл мақаланың басты міндеті болмақ. Мақалада Ақыт қажының діни дүниетанымының Матуриди сенімдік мазхабымен сәйкестігін талдау мақсат етілген.

Мақалада Өр Алтайдың күнгеі мен теріскейінде медресе салып бала оқытқан ұстаз Ақыттың діни ұстанымының қазақ халқының дәстүрлі діни жүйесімен сәйкестігі, Матуриди ақидасымен рухани үндестігі жөнінде салыстырмалы дінтанулық талдау жасалынады.

Түйін сөздер: Ақыт, дін, мазхаб, кәләм, фикһ, ақида, тұлға, мектеп, салыстыру.

Yerzhan K.S.¹, Makhmet M.²

²PhD doctor, ²PhD doctoral student
Egyptian University of Islamic Culture «Nur-Mubarak»,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: murat1215@mail.ru

The manifestation of the akida of Matruidi in the works of Akyt Ulimzhyuly

To reveal the religious views of the outstanding Kazakh thinker Akyt kazhi Ulimzhyuly, it is necessary first of all to characterize the religious education he received, his writings, raised problems on religious topics in the context of the traditions of historical time and that era. The definition of religious philosophical beliefs from the religious position, sung by the poet in poems based on Koran Karime and hadiths-sharifs, is the main task of this article. The purpose of the article is to analyze the correspondence of the religious outlook of Akyt to the faith of the madhhab of Maturidi.

The article gives a comparative analysis of the conformity of the religious views of the teacher Akyt who built the madrassahs on both sides of the Altai and trained the children, the traditional religious system of the Kazakh people, their spiritual accord with the views of Maturidi.

Key words: Akyt, religion, madhab, Kalam, fiqh, akida, personality, school, comparison.

Ержан Қ.С.¹, Махмет М.²

¹PhD доктор ²PhD докторант, e-mail: murat1215@mail.ru
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: murat1215@mail.ru

Проявление акиды Матуриди в произведениях Акыта Улимжыулы

Для раскрытия религиозных взглядов выдающегося казахского мыслителя Акыт қажы Улимжыулы необходимо, прежде всего, охарактеризовать полученное им религиозное образование, написанные им труды, поднятые проблемы на религиозные темы в контексте традиций исторического времени и той эпохи. Определение с религиозоведческой позиции религиозных философских убеждений, воспетых поэтом в стихотворениях, основанных на Коран

Кариме и хадис-шарифах, представляет собой главную задачу данной статьи. Целью статьи является анализ соответствия религиозного мировоззрения Ақыт қажы вере мазхаба Матуриди.

В статье дается сравнительный анализ соответствия религиозных воззрений учителя Ақыта, построившего медресе на обеих сторонах Алтая и обучавшего детей, традиционной религиозной системе казахского народа, их духовного созвучия со взглядами Матуриди.

Ключевые слова: Ақыт, религия, мазхаб, калям, фикх, акида, личность, школа, сравнение.

Кіріспе

Қазақ даласына «Атлах ғазуатынан» бері таралып, дамып келе жатқан ислам діні қазақ халқының тек наным-сеніміне ғана әсер етіп қойған жоқ. Сонымен бірге, қазақ халқының мәдениеті мен шаруашылық, қолөнері қатарлы салаларына да үлкен әсерін тигізді. Сунниттік бағыттағы мұсылман діні қазақ халқы рухани байлығының ажырамас бір бөлігіне айналды. Исламнан нәр алған халық тарих көшінде өзіндік орнын қалыптастыру үшін мәдени күреске ұмтылды. Бұл үдеріс қазақ топырағында шоктығы биік ислам ғұламалар шоғырының қалыптасуынан көрініс тапты. Солардың бірі, біз сөз еткелі отырған – Ақыт қажы Үлімжіұлы. Егемен қазақ елінен алыста ғұмыр кешіп, қазақ руханиятынан өшпес үлес қосқан Ақыт есімі қазақ жұртшылығы үшін әлі де бейтаныс. Біз өз зерттеу мақаламызда Ақыт шығармашылығын жаңа қырынан, яғни, саналы ғұмырын дінге арнаған тұлғаның діни сенім жүйесін зерделеуге талпындық және оны Матуриди мектебінің сенім жүйесімен салыстыруды мақсат еттік.

Зерттеу тәсілдері. Зерттеу барысында логикалық және тарихи, герменевтикалық-компаративистикалық және салыстыру тәсілдерді қолдандық. Осы тәсілдер Ақыт Үлімжіұлы еңбектерінің Матуриди сенім негіздерімен сабақтастығын салыстыра отырып зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттелу деңгейі. Территориялық және саяси себептерге байланысты, Ақыт Үлімжіұлының ғұмырнамасы мен еңбектері Қазақстан өңірінде арнайы зерттелмесе де, Моңғолия қазақтарының әдебиет зерттеушілері өткен ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап, Ақыттану ісін қолға ала бастаған. Осылайша олар 1972 жылы Қазақстанда басылған «Бозінген» кітабына Ақыттың бірнеше толғауын енгізеді. 1996 жылы жарық көрген Ү. Сүбханбердинаның «Қазақ кітабының шежіресі. 1807-1917» атты кітаптың алғы сөзінде «Деятель» журналының беттерінен Алтайда және Моңғолияда әйгілі болған, революциядан бұрын Қазан қаласында 4-5 кітабы басылып шыққан Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақовтың

1897 жылы шыққан «Тәржіме-и Ақыт уаляди Өлімжі Алтайский» деген кітабы жайында Н. Катановтың мақаласын кездестіруге болады. Сонымен қатар, Ақыт Үлімжіұлы туралы көлемді еңбектер филология ғылымдарының докторы Қабидаш Қалиасқарұлының «Моңғолиядағы қазақ әдебиеті» атты докторлық диссертациясында, Нұрқасым Қазыбековтің «Ой таразысы» (Алматы: Жазушы, 1991), Жақсылық Сәмитұлының «Қытайдағы қазақтар» (Алматы, 2000), тарих ғылымдарының докторы Нәбижан Мұқаметханұлының «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы. 1860-1920» (Алматы: ҚазАқпарат, 2000), филология ғылымдарының докторы Дүкен Мәсімханұлының «Жыр – жебе» (Алматы: Қазақ университеті, 2000), «Сарап» (Астана: Елорда, 2001) кітаптарында кездеседі. Ал Алматыдағы «Мұсылман баспа үйінен» 2008 жылы Ақыт ақынның баласы Ғазез Ақытұлының «Ақыт Үлімжіұлы» атты Қытайда төте араб ғарпімен жарық көрген кітабы Омарова Гүлнардың редакциялауымен жарық көрген [1].

Байқағанымыздай, Ақыт Үлімжіұлы туралы филологиялық, тілі білімі тұрғысынан азды-көпті зерттеулер жасалынғанымен, оның діни ұстанымын зерделеу мүлде қозғалмаған тақырып. Сол себепті мұны отандық дінтану ғылым аясында қарастырып, талдау және ғылыми айналымға енгізу дінтану саласының дамуына өз үлесін қосары сөзсіз.

Негізгі бөлім

Саяси-тарихи құбылыстардың әсерінен жер бетіне тарыдай шашылған қазақ халқының өткені мен бүгінін саралау – ұлт болашағының алтын қазығы. Елбасы Н. Назарбаевтың бастауымен «Республика парламенті Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылдады. Ол құжатта шет жерде жүрген халқымыздың ұлдары мен қыздарының мәдениетін, ұлттық ойлауын және тілін дамытуға мемлекет тарапынан жан-жақты көмек көрсету» туралы айтылады [2, 42 б].

Әлемдік қазақ қауымдастығының бір бөлшегі саналатын Қытайдағы қазақтардың тұрмыс-

тіршілігі, мәдениеті мен болмысы күрделі зерттеуді талап ететін үлкен жауапкершілік.

Кезінде «арғы бет», бүгінгі күнде «қытай қазақтары» деп аталынып жүрген бұл өңірге исламның таралуы күрделі кезеңдерді бастан кешірді. Ислам діні Омейя хилафаты (661-750) кезінде Орта Азияға әсер ете бастады. Қытайдағы қазақ қоғамына исламның түбегейлі орнығуы VIII ғ. ортасында, 751 ж. Тараз қаласының маңындағы араб қолбасшысы Зияд ибн Салих пен қытай қолбасшысы Као Сьенчэ (Гао Сяньчжи) арасында бірнеше күнге созылған Атлах шайқасында арабтардың жеңіске жетуі айтарлықтай ықпалын тигізді. Қытай әскері күйрей жеңіліп, Жетісу мен Шыңжаң өңірі азат етіледі. Араб әскерінің бұл жеңісі Орта Азия жерінде ислам діні мен мәдениетінің орнығуының бастауы еді [3, 148 б].

Он неше ғасыр уақыт көлемінде ислам діні қытайдағы қазақ халқының тұрмыс-салты мен мәдениетіне зор әсерін тигізді. Бұл туралы философия ғылымдарының *докторы*, профессор С. Нұрмұратов өз еңбегінде: «Қазақ жеріне келген мұсылмандық бағыт исламның сүнниттік ағымындағы ханафиттік мазһаб болып табылады. Ислам өзінің көп ғасырлық тарихында әлеуметтік дүниенің көптеген саласына еңдей алатын ерекше рухани құбылыс екенін танытты», – деп көрсетеді [4, 75 б.].

Ислам дінінің қазақ даласына бейбіт таралуының себебі, ислами құндылықтардың қазақтың ежелден келе жатқан ұлттық дәстүрімен сәйкес келуінде жатыр. «Үлкенге құрмет – кішіге ізет», «жегімін жылатпау, жесірін қаңғыртпау», «үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без», «біреудің ала жібін аттамау» секілді көптеп кездесетін халық даналығының аят-сүрелермен, хадис-шарифтермен сәйкес келуінде жатыр. Ислами құндылықтардың ұлттық болмысына терең сіңуіне байланысты, қазақ халқында таза, саф қазақы мәдениет қалыптасты.

Ислам дініне бет бұрған қазақтар амалда – Имам Ағзам Әбу Ханифа, яғни Ханафи мазһабын, сенімде Матуриди ақидасын ұстанды. Қазақ халқының болмысына етене жақын Орта Азия өркениеті тудырған Матуриди ақидасы – қасаң қағидаларға емес, ізгі құндылықтарға негізделді және соған арқа сүйеді.

Ислам дінінің сүнниттік тармағында Матуриди және Ашғари сынды екі кәләм мектебі қалыптасқаны баршаға аян. Кез келген сүннит мұсылман осы екі имамның бірінің сенім мектебін ұстанады. Біз сөз етіп отырған Матуриди ақидасы осы сүнниттік бағытта қалыптасқан

екі үлкен кәләм мектебінің бірі. Ғалымның толық аты-жөні – Әбу Мансұр ибн Мұхаммед әл-Ханафи ас-Самарқанди әл-Матурди (870-944). Ол Самарқанд маңындағы шағын Матурид қаласында дүниеге келген. Фихх (кұқық) теориясын Самарқандағы ханафиттік құқықтанушылардан үйренген. Имам Матурди дін және сенім саласына қатысты «Китабу тәуили-Құран», «Китабу меһазшиш-шерай», «Китабул-жәдел», «Китабул-усул фи усулиддин», «Китабул-мекалат фил-калам», «Китабүт-тәухид», «Редду әуайлил-әдилле лил-Каби», «Редду теһзибил-жәдел лил-Каби», «Китабу редди усулил-хамсе», «Редду китабил-Имаме», «әр-Ред алел-Карамита» қатарлы еңбектер жазған [5, 38 б].

Имам Матуридидің ақида іліміне қосқан үлесі сенім мәселелеріне шарифат негіздерін бұзбай, ақыл мен қисын арқылы дәлел келтіруге болатындығын көрсетуі еді. Әсіресе ақылға ерекше мән берді. Оған шарифаттың шеңберінде жүгінді. Имам Матуриди Муташабиһ аяттарға түсініктеме беруде шарифат рұқсат еткен және араб тілінің шеңберінен шықпайтын әдісті қолданды.

Дінтанушы ғалым Д. Кенжетай бір мақаласында Матуриди мұрасының өз кезінде түркі ойшылдары мен қазақ даналарының шығармашылық ұстанымдарының негізіне айналғанын айтады [6].

Қазақ даналары дегенде Абай мен Шәкәрімнен кейін Ақыт қажының бірден ойға оралары ақиқат. Өйткені, Өр Алтайда туылып, Қытай мен Моңғолия жерінде қызмет етіп, күллі қазаққа өшпес мұра қалдырған Ақыт қажының орны бөлек, шыққан биігі дара. Ақыт өлеңдері руханиятқа, тәрбиеге негізделген. Жалпы, Ақыт ақиқаты – Алланы тану ақиқаты.

Қазақ тарихының рухани көшінің салтанатын арттырып, сәнін үстеген, мәнін тереңдеткен ұлы тұлғалар қатарында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген, қазақ сөз өнерінің тумысы дара, сөзі сара, ойы дана Ақыт қажы Үлімжіұлының есімін ерекше атауға болады. Қазақтың тамыры терең, тағылымдық мәні зор ұлттық құндылықтарынан нәр алып өскен айтулы ақынды, діни оқу орындарын салдырып, елінің көзін ашқан ағартушыны одан сайын тұлғаландырып тұратын аса бір маңызды бөлімі – оның діни-философиялық сипаттағы мұралары.

Ақыт қажы Үлімжіұлы туралы Қытай мен Моңғолия елдерінде азды-көптеу зерттеулер жасалынғанымен, тәуелсіз қазақ елінде мүлдем

қозғалмаған тың тақырып болды. Соңғы жылдары ғана Ғ. Ақытұлы, З. Қинаятұлы, Ж. Сәмиұлы, А. Қара, Ж. Шәкенұлы, З. Сейтжаұлы, Г. Омарова, Д. Кәпұлы және Б. Кәкеш қатарлы зерттеушілердің еңбектері арқылы қазақ елі Ақыт есімімен жақыннан таныса түсті.

Жалпы, Ақыт кім еді?

Ақыт қажының шығармашылығы мен өмірбаяны жайындағы алғашқы деректі 1898 жылы орыстың түркі тілдерін зерттеуші ғалым, профессор Н. Катановтың «Деятель» журналындағы Ақыт шығармашылығы туралы алғашқы арнайы мақаладан кездестіреміз [7, 429-430 б].

Ақыттың шыққан тегі Абақ керейдің он екі атасының ішіндегі аса ірі ру санала бермейтін молқы руы. Әкесі Үлімжі де, анасы Жібек те қарапайым ауыл адамдары болған. Бұл кезең Алтай аймақ болып тіке Пекинге, Манжурлік Цин билігіне қараған кезең. Осы XIX ғасырдағы қазақтар Қытай, Мәнжүр секілді бөтен ұлт, бөгде діндегілер билік құрған қоғамдық ортада өмір сүрді. Олар осындай қоғамдық ортаға сіңісіп, жоқ болып кетпедің жолдарын қарастырды. Яғни, өздерінің ұлттық ерекшелігін, тілін, дінін және дәстүрлі мәдениетін сақтап қалудың бірден-бір жолы – ұлттық оқу-ағартуды дамыту деп білді. Осы білім беруді діни оқу-ағартудан бастады. Осылайша Шыңжаң өлкесіндегі қазақтар оқу-ағарту жүйесін, білім беру ісін алғаш діни оқу-ағартудан бастаған еді. [15, 251-б].

Тарихшы, ғалым Қабимолла Мәнжібаевтың «Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер» деген еңбегінде: «Шығыс Түркістандағы қазақтар мекендеген өңірлерде медреселі мешіттер XIX ғасырдың екінші жартысының соңынан бастап салына бастаған. Бұған Алтайдың Сары терек деген жерінде 1870 жылы салынған «Жота қажы» медресесін айтуға болады. 1920 жылы Іле ауданында «Тоқжан» медресесі салынған», – деген дерек кездестіреміз [16, 122, 168 б].

1827 жылы Алтай молдалары арасында беделді Мұхамет Момын (оқымысты Шаһи Мансур ұлы) Алтайдағы Қожамжар төре ауылында төре бейіті деген жерден үй салып, жанынан медресе ашып, бала оқытады. Кейіннен бұл медресенің орнына мешіт салдырады. Оның сыртқы көрінісіне қарап халық «сары мешіт» деп атап кетті.

Мұхамет Момын атқарған қызметтерінің арқасында қазылық қызметіне көтеріледі. Осылайша Алтайда тұңғыш ислами үкім шығаратын қазылық билік жүйесі орнайды [17, 25-26 б.]

Бұл медреседен көптеген дін және қоғам қайраткерлері тәлім алып шыққан. Олардың бірі

Алтай және Моңғолия қазақтарына бірдей әйгілі, өз заманының бетке ұстар зиялы азаматы, ақын, діни қайраткер Ақыт қажы Үлімжіұлы. Ақыт жастай немере ағасынан Құран сауатын ашқан. Кейіннен сол кездегі молқы руының үкірдайы Жуанған (Жотақажы) ауылында, Бұхарадан келген Махбубулладан араб, парсы, түрік тілдерін үйренумен бірге, шарифат ережелері аталатын фикһ ғылымын да игеріп шығады.

Ақыт – қазақ руханиятында исламдық бағытты көтерген, ислам тарихын, пайғамбар-сахабалар тарихын назиралық жолмен жырлаған ұлы тұлға. 1868 жылы Қазіргі Қытай Халық Республикасына қарасты Алтай қаласы, Көктоғай ауданында туылған. Алғашында немере ағасы Садық Жебенұлынан, сосын ауыл модасы Ғұсманнан оқып, мұсылманша сауат ашқан. Кейін Жуанған үкірдайдың қолында көмекші болып жүрген Ақыт Бұқарадан келген оқымысты Мырзабахыдан (Махбубулла) тәлім алады. Аса білімділігі және алғырлығымен көзге түскен Ақыт отбасы жағдайына байланысты көп оқи алмайды. Бұл туралы ақын:

Пақыр Ақыт сөйлейді әрбір тұстан,
Жаста түркі танытты молла Ғұсман.
Садық аға үйретті әліпбиді,
Танытты хат-қағазды асығыстан.
Ержетіп дамолладан алдым сабақ,
Исімі дүр Махбубулла асыл талап.
Бұхардың аксүйегі дәл өзінен,
Шығады демі сайын ғылым тарап.
Қысқа жіп күрмеуге еркін жетпеген соң,
Тоқталды тойым бермес қайран сабақ... –

деп толғайды [8, 177 б].

Отыз тоғыз жасында Қажыға барған Ақыт, 1912 жылға келгенде Алтай елі Ақытты қазы сайлайды. Осыған дейін ұстаздық, оқытушылықпен шұғылданған Ақыт Қобданың Ақ балшық деген жерінде, Алтайдың Шақүрті деген жерінде мешіт-медреселер салған.

Ақыт Қажы Үлімжіұлы 1939 жылы желтоқсан айының 24 күні жергілікті милитарист Шың Шысай жағынан қолға алынып, 1940 жылы ауыр азаптан қайтыс болады.

Өнегелі өмірінде артына өшпес із, құнды еңбектер қалдырған ұлы ойшылдың соңында көптеген еңбектері қалды. Өлеңдерінің түгелге жуығын туған елі ауызша жаттап, бүгінгі күнге жеткізді. Ү. Сұбханбердина қатарлы азаматтардың құрастырған «Қазақ кітаптарының шежіресінде» Ақыттың Қазан қаласында төмендегідей кітаптары басылғанын айтады.

Олар: «Қиссаи Сейфулмәлік». Қазан: Домбровский баспасы, 1895, 1909, 1914 жылдары; Гүлімжі Алтайский (Қарымсақов). «Тәржүмә-и Ахид бин Уәлад». Қазан: Университет баспасы, 1897; Ахид Гүлімжіұғлы (Қарымсақов). «Қисса-и Жаһаншаһ Тамузшаһұлы». Қазан: Университет баспасы, 1901; Ахид бин Гүлімжіұғлы (Қарымсақов). «Ахуал қиямет». Қазан: Университет баспасы, 1902, 1904, 1909 жылдары; Ахид Гүлімжіұғлы Қарымсақов. «Қисса-и Минахиб пиран Ғазизан». Қазан: Университет баспахана-сы, 1909; Ахид бин Гүлімжіұғлы Қарымсақов. «Әбиат ғақидия». Қазан, 1909 жыл [9, 285 б.].

Ақыт өзі өмір сүрген қоғамдық ахуалды жақсы бағамдай білді. Содан ой қорытты және халқына шығар жолды да көрсетті. Шақара сыртында өмір сүрген қазақ ойшылдарының өмірі мен еңбегін өз халқына таныстыруды өзінің азаматтық, ақындық парызы деп білді. Ол «Абай – мұтафакқыр шағыр» (ойшыл ақын), Абайды Рүссиядағы қазақтар танып білсе де, осы жақсы қазақтары (қытай қазақтары) әлі жете тани қойған жоқ. Тіпті кейбіреулері Абайдың атын да білмейді. Бұлардың бірталайы мені біледі. Сондықтан Абайды алдымен мен тануым керек. Және Абай менің аузым арқылы таныстырылуы керек» дейді. [10. 50-51-б.]. Осы айтқанын Ақыт артығымен орындады. Абайды Қытайдағы қазақтарға танытып ғана қойған жоқ. Өзі де Абай стилімен өлеңдер жазды, хатқа түсірді, халқына жеткізді.

Мысалы,

Ақындар бізден бұрын өткен талай,
Әсіресе, Құнанбай баласы Абай.
Солардай өткір сөзді таппасам да,
Ойымды жеткізейін құрай-жамай –

дей келе, Абай қалыптасырған стилмен өлең жаза отырып, қазақ философиясының рухани тоғысуын қалыптастырады.

Шақаралық жабық саясат, әртүрлі қысым салдарынан көп зерттелмей келе жатқан Ақыт қажы Үлімжіұлының діни-этикалық ілім жүйесі тым күрделі. Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы Абайдан 18 жыл бұрын Қазанда кітап шығарған Ақыт Үлімжіұлының еңбектерінен Матуриди ақидасымен тоғысар рухани биігін табу қиын емес. Сөзіміз дәлелді болу үшін ақын өлеңдерін Имам Матуриди сенімімен салыстырып көрелік:

1. Имам Матуриди «Иман мен ислам бір» деп тұжырымдайды. Ал Ашғари бұл мәселеге

басқаша тұрғыдан түсініктеме жасайды. Ол иман мен ислам екі бөлек нәрсе деп түйіндейді, Ашғари көзқарасы бойынша, ислам сеніммен бойұсыну болса, иман – сенімін амалмен дәлелдеу. Ақыт Үлімжіұлы иман ұғымының жан тазалығынан бастау алуын айтқан, көркем мінез-құлықтарды кемелдендіру үшін келген Пайғамбарымыздың ар тазалығына негізделген имани ілімі жөнінде өте кеңінен тоқталған. Мұсылманшылықтың абзалы жүректегі иманның дүние тіршілігінде көрініс табуында екендігін жақсы түсінгендіктен ақын:

Ислам ең әуелі тазалықта,
Әділетсіздік жоламау қаралыққа,
Арамнан аулақ болып адалдықпен,
Зорлық-қорлық көрсең де таза ұста [11, 222 б.] –

деп толғайды. Ақынның «Әдепті болсаң – иман сол, өнерлі болсаң – жиған сол» (Өсиетім – жұртыма өлеңінен) деген өлең жолдары және ақынның халық арасында жатқа айтылып, кеңінен таралып кеткен «Бір сырлы, сегіз қыпшы бол» өлеңіндегі «... Шынайы мұсылмандық білген жанға, нақақшылық жасамау жайын елге» [14, 94-б.] деп философиялық ой толғамдары арқылы, біз Ақыт философиясындағы иман ұғымын имам Матуриди ақидасының аясында қалыптасқан ұғым екеніне көзіміз жете түседі.

2. Имам Матуриди сенім негізіндегі келесі бір түйін «Иман азаймайды, көбеймейді» сенімі. Бұл туралы имам Ашғари «иманның азаюы да, көбеюі де мүмкін» деп пайымдайды.

«Әй, жігіттер әуелде, мықты болсын иманың» – деген Ақыт қажы өлеңдерінде «иманы күшті», «иманы берік», «діні берік», «иманды жан», «иманы әлсіз» деген ұғымдармен көп жерінде қолданады. Осы ұғымдардың кеңінен қолданылуы Ақыттың имам Матуриди ақидасына негіз болған «иман кемімейді де артпайды да, оның күшеюі немесе әлсіреуі мүмкін» деген қағидамен үндес шығып жатқанын дәлелдейді. Мысалы:

Ағузы ауызға алам бір құдайды,
Шыбын жан ғазап көрсе шыркырайды.
Имансыз бұл жалғаннан өткен жанның
Түтіні қабырынан бұркырайды.
...
Байқарсың иман жайын аңғарсаң да,
Иманың қабыл болмас жалбарсаң да.
Иман, намаз, ораза тұтпай барсаң,
Қабыл емес иманың, қаж барсаң да. [11, 103 б.]

3. Имам Матуридидің ендігі бір көзқарасы бойынша «адамның өз ақылымен Алланы тануы, оның бар және бір екенін білуі парыз» болып саналады. Алла рапынан елшілер, пайғамбарлар келсін немесе келмесін, адам баласы Алланы ақылымен тауып, сенуі керек. Ал имам Әшғари «адамдар Алланы ақылымен тауып, оған иман келтіруге міндетті емес» деп қараған.

«Ақыл болса, мал түгіл,
Иман-дағы табылған»
...
«Ақыл қонған адамға,
Иманда қонып орнаған» [11, 505 б.] –

деп санаған ойшыл Ақыт жаратқанды тану ақылы бар адамға парыз екенін көрсеткен. Бұл туралы Ақыт өлеңдерінің кез келген жерінен мысал келтіруге болады. Мысалы:

Иман демек танымақ бір Құдайды,
Құдіретпен жаратты күн мен айды.
Жеті қатты тоқтатқан біреуі жоқ,
Құдіреті бір Құдайдың осындайды.
Бір Құдай жоғары емес, төменде емес,
Еш тамақ алып және жеген емес.
Дегендер: «пәлен жерде» кәпір болар,
Тұрағым сондай жерде деген де емес.
Болмайды алды, арты, оң мен сол да,
Кезікпес іздегенмен және жолда.
Жүрсең де көкке шығып, жерге кіріп,
Көрмейсің бір Құдайды тағы сонда. [12, 143 б.]

Немесе

Есің ал ақыретті иман ойлап,
Құлшылық қыл тірінде Алланы ойлап.
Ақ көйлекті киюден бұрын қамдан,
Шапағатшы пайғамбар ісін ойға ап. [11, 118 б.]

4. Имам Матуриди «Адам ақылы ақылы жақсы мен жаманды танып біле алады» деп қарады, ал Ашғари болса Алланың әмірі мен тыйымдары болмаса, адамның жеке таным қабілеті арқылы жақсы-жаманды ажыратуы мүмкін емес деп санады. Бұл мәселе жөнінде Ақыт қажы Үлімжіұлы «адамның асыл-жасығы – зиннан шыққан сөзінде» деп тұжырымдай келе, мынадай қорытындыға келеді:

Ары ойла да, бері ойла,
Тар ойламай кең ойла.
Адамшылық қатарға,

Кірер жолды сен ойла.
Несие-қамал сатарға,
Екі жұртты тең ойла.
Құмар болсаң жатарға,
Тоярға ғана жем ойла.
Қараңғы таң атарға -
Надандыққа ем ойла. [8, 429 б.]

Абыз Ақыттың шығармаларында ақылмен ойлау, ақылмен іс істеу туралы өлеңдері жетерлік. «Тілек, жүрек бір болса, табылатын ақы мол» деп түйіндеген ақын адамның иманы мен ниеті түзу болса, жүректен шығатын мейірім мен көңілден шығатын асыл сөздің иман шуағының бір бөлімі екенін көрсетеді. Бұл да Ақыттың Матуриди ақидасымен алыстан сабақтасып жатқандығының бір белгісі болса керек.

5. Матуриди сенімінде «Оның әрбір ісінде хикмет пен себеп бар» деп тұжырымдалса, Ашғари сенімінде бұл «Алла жасағандарына жауапты емес, сондықтан Оның ісінен себеп іздестірілмейді» дегенді ұстанады. Ақыт қажы өз өлеңінде Алланың әрбір жаратылысының өз хикметі бар екендігін алға тартады. Мысалы:

... Бір Алла өзі мәдәт ойламаса,
Бәндәнің мына жүрген көп-дүр міні.
Шырағым, хақтан сұра әрбір істі,
Алланың әр не қылса құдіреті күшті.
Қараңғылықтан халықты нұрға шығар,
Сол жұртқа рақым қылып мейірім түсті. [8, 208 б.]

6. Имам Матуриди сенімдік мектебінің тағы бір ерекшелігі – «адамда жеке қалау еркіндігі берілуі». Имам Ашғари бұл мәселеге басқаша көзқараспен қарайды. Ол адамның еркіндігін Алла жаратады деп қарайды. Бұл жөнінде қазақтың білгір ойшылы Ақыт өз ойын былай өрнектейді:

Түбін ойлар ер қайда,
Әркімнің ақылы өзінде,
Шариғат деген бір жан жоқ,
Мына заман кезінде.
Заманың тұр дүрілдеп,
Ойла халқым бұл қалай,
Шариғатпен жүретін,
Ақыл кетті жадағай.
Надан болып барамыз,
Шариғатқа жанамай.
Иман, ислам, дін, биғдат –
Ұжмақтағы шырағың

Немесө

Алдынды тағдыр ашпаса,
Арттағың қадам баспаса.
Дарға келіп қамалдың,
Тұйықтап қалдың шырмалып.

Осындай өлең жолдары арқылы Ақыт Үлімжіұлы адам баласына Алла тағаланың ақыл бергендігін, сонымен қатар өз жолын қалай алып жүруіне де ерік берілгендігі туралы айта келіп, ілімдік тұрғыдан Матуриди ақидасымен сабақтаса кетеді.

7. Имам Матуридидің тағы бір ерекше пікірі «Қиямет күні Алла Тағаланың жүзі көріне ме, көрінбей ме» деген мәселеде айтылды. Құран Кәрімнің қиямет сүресінде бұл туралы: «Қиямет күні кейбір жүздер жарқырап, Раббына қарайды» деп бұйырылып, ақырет күні кейбір адамдардың Оны көре алатындығы айтылған. Имам Матуриди Құранда баяндалғанындай қиямет күні Алланың жүзі көрінеді деп сенді. Имам Матуриди: «Қиямет күні Алланың көрінуі, бұл қияметтік хал. Ақыретте Алла көрінсе, демек, ол заттан және мекеннен тұрады деп ойлау күмәнсіз адасқандық. Ал қиямет күнгі жағдайдың қалай болатындығы бізге беймәлім. Сондықтан, Құранда қиямет күні Алланың көрінетіндігі туралы анық айтылса, біз бұған сенуге тиістіміз» деген ұстанымда болды. Ал Ашғари Алла Тағала қияметте көрінбейді деген пікірді ұстанды. Алланың дидарына және қорқыныш пен үмітке қатысты осы екі тұжырым Ақыт Үлімжіұлын рухани әлемінің негізгі тұғырларына айналды.

Ол өзінің атақты «Қиямет ахуалы» атты өлеңінде бұл туралы:

Сираттан өткеннен соң мақтаныңдар,
Одан бергі мақтаннан сақтаныңдар.
Жұмаққа кіріп дәрежең толғаннан соң,
Хақ дидарын көрген соң шаттаныңдар.
Ақиретте ең қызық дидар көрмек,
Дидар көрсең балқиды бойың сергіп.
Қызықтың бұдан басқа бәрі бекер,
Білгенге басқа қызық бәрі ермек. [11, 21 б.]

Осылайша, ойшыл ақын Ақыт Үлімжіұлы Алланың дидарын көру мәселесінде Матуриди сенімімен тығыз сабақтастық, рухани жалғастық орнатқандығын айғақтайды.

Қорытынды

Жалпы, Қытай қазақтары бүгінгі күні ҚХР-дың ШҰАР өңірінде Іле автономиялы облысына қарайтын үш үлкен аймақ саналатын Іле, Алтай, Тарбағатай өңірлеріндегі қазақтар және Санжы дүнген автономиялы ауданы, Үрімжі қаласы, Құмыл аймағы кіреді. Қытай қазақтары саны жөнінде Ж. Сәмитұлы «қазақ халқы 1949 жылы 443 мыңнан артық болса, 1990 жылы 200 мың, 2000 ж. Қытай мемлекетінің 5-ші халық санағының нәтижесі бойынша қазақ халық саны 1 250 000 болған, соның көбі Шыңжаң Ұйғыр автономиялық районында. Шыңжаңдағы 13 байырғы ұлттың ішінде қазақтар халық саны бойынша 3-ші орында тұрады» дейді [13, 244 б].

Осындай үлкен сандық көрсеткіштен елін ардақтаған, елі сыйлаған абыздардың шығуы табиғи құбылыс-тын. Солардың ішінде халық арасында орны мен бітімі бөлек дара тұлға Ақыт Үлімжіұлы болды.

Ақыт өлеңдері дерлік халыққа насихат, тәрбие түрінде жазылған. Біз бұл мақаламызда, Ақыттың діни-этикалық өлеңдерін сүнниттік сенім мектептерімен салыстырып көрдік. Самарханд топырағында туылып, күллі мұсылман жұртының сенімдік тұлғасына айналған Матуриди ілімінің Өр Алтай топырағында туылған дана, ойшыл, аудармашы, философ, ақын Ақыт қажы мұраларымен тығыз қабысып жатуының өзі үлкен мұғжиза білгенге. Бұл қазақ халқының әлмисақтан бері мұсылман екендігінің, «амалдағы мәзһабым – Имам Ағзам, сенімде – Матуриди мәзһабындамыз» деген берік сенімінің айғағы іспеттес. Сондай-ақ, ойшыл ақын Ақыт өлеңдерінің әр тармағы, әр жолы Матуриди ақидасымен үзіліссіз, жіксіз байланысып жатқанын көруге болады. Бұл қазақ дүниетанымындағы Матуриди ақидасының іздері айқын екендігінің, сенімдік тұрғыда бір биікте тоғысқандығының белгісі екендігін көрсетеді.

Атақты ислам ғұламасы Тафтазани Имам Матуридидің Ашғари мектебімен салыстырғанда елу жеті айырмашылықтың бар екенін айтқан екен. Біз тек Матуриди ақидасының бірнеше басты көзқарасын ғана басшылыққа алдық. Демек, Ақыт мұрасын, Ақыт жәдігерін басқа қырынан да зерттеп, зерделеу – өскелең ұрпақ үшін үлкен міндет әрі аманат екені даусыз.

Әдебиеттер

- 1 Кәпұлы Д. Ақыт Үлімжіұлының қазақ әдебиетіндегі орны. <http://www.erjanibek.com>.
- 2 Нысанбаев Ә., Арғынбаев Ә. Қазақ диаспорологиясы мен қазақ философиясы// Известия НАН РК. – 1993. – №3. – 42-49 б.
- 3 Груссе Р. Империя степей. Аттила, Чингиз-хан, Тамерлан. – Алматы, 2006.
- 4 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы, 2000.
- 5 Ержан Қ.С. Матуриди ақидасы. – Көкжиек-Б баспасы, 2011. – 176 б.
- 6 Кенжетай Д. Матуриди мұрасы – қазақ руханиятының қайнар көзі. <http://maturidi.kz/index.php/kz>
- 7 Катанов Н. // журнал «Деятель». – 1898. – №8-9.
- 8 Үлімжіұлы А. Шығармалары. II том. – Іле халық баспасы, 1999. – 685 б.
- 9 Сұбханбердина Ү., Сейфуллина Д. Қазақ кітаптарының шежіресі. – Алматы, 1996.
- 10 Ақытұлы Ғ. Ақыт Үлімжіұлы. Қазақ тарихындағы әйгілі адамдар. – Алматы, 2008. – 137 б.
- 11 Үлімжіұлы А. Шығармалары. 4 том. – Шыңжаң халық баспасы, 2015. – 610 б.
- 12 Үлімжіұлы А. Жиһаншаһ: жыр, толғау, қисса-дастандар. – Баян-Өлгий, 1994.
- 13 Самитұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. – Алматы: Атажұрт, 2000. – 309 б.
- 14 Үлімжіұлы А. Жиһаншаһ / құрастырған: Ж. Шәкенұлы, Қ. Нұртазаұлы. – Алматы, 2007. – 284 б.
- 15 Оспанұлы Қ. Іле қазақ автономиялы облысы //Ағайын. – Алматы, 2000.
- 16 Мәнжібаев Қ. Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер. – Үрімжі: «Халық», 1998.
- 17 Мыңжани Н. Ислам дінінің қазақ халқына таралуы // Шыңжаң қоғамдық ғылымдары журналы. – 1990. – №1.

References

- 1 D. Kapuly. Akhit Ulimji ulinin khazakh adebyetindegi orni. <http://www.erjanibek.com>.
- 2 Nisanbayev A., Arghinbayev A. khazakh dyasporologyasi men khazakh fylosofyasi// Izvestya NAN RK. 1993. -№3. 42-49b.
- 3 R. Grwssye. Imperya stepey. Attyla, Shyngyz-xan, Tamerlan- Almaty, 2006.
- 4 S. Nurmuratov. Rwxany khundilikhtar alemi: alewmettik-fylosofyalikh taldaw. – Almaty: 2000.
- 5 Kh.Yerjan. Maturydy akhydasi. kokjyek-b baspasi, 2011. -176b
- 6 D.Kenjetay. Matwrydy murasi-khazakh ruxanyatininh khaynar kozi. <http://maturidi.kz/index.php/kz>
- 7 N. Katanov. jurnal «Deyatel», 1898g., №8-9 san.
- 8 Akhyt Ulimji uli shigharmalari. II tom. Ile khalykh baspasi-1999- 685b
- 9 U. Subxkhanberdyna, D. Seyfullyna. khazakh kitaptarininh shejiresi:- Almaty, 1996.
- 10 Gh. Akhytuli. Akhyt Ulimjiuli. khazakh tarykhindaghi aygili adamdar. Almaty -2008. 137b
- 11 Akhyt Ulimjiuli shigharmalari. 4 tom. Xinjiang khlykh baspasi-2015- 610b
- 12 A. Ulimjiuli. Jihanshah: jir, tolghaw, khyssa-dastandar. – bayan-olgyy, 1994
- 13 Zh. Samytuly. Hitaydaghi hazahtar.- Almaty: Atajurt, 2000, -309b
- 14 A. Ulimjiuli. Jihanshah. hurastirgan: J. Shaken, Kh. Nurtaza – Almaty. – 2007. -284 bet.
- 15 Ospanuli H. Ile khazakh avtonomyali oblisi. //Aghayin. – Almaty, 2000.
- 16 Manjibayev kh. khazakh okhw-aghartw taryxinan khiskhasha derekter. – Urimji, 1998.
- 17 N. Mingjani. Islam dininin khazakh xalkhina taralui // Xinjiang hogamdih gilimdari jurnali. 1990. №1.